



# Оңтүстік Қазақстан және Батыс Қазақстанда таралған пайдалы өсімдіктер

## Жоспар

- Кіріспе
- Негізгі бөлім
- 1. Оңтүстік Қазақстан облысындағы пайдалы өсімдіктер
- 2. Батыс Қазақстан облысындағы пайдалы өсімдіктер
- Қорытынды

- Оңтүстік Қазақстан облысы орналасу жеріне қарай өсімдіктер дүниесіне бай келеді. Соның ішінде дәрілік өсімдіктер, халық шаруашылығында маңызы зор бірақ сиреп бара жатқан өсімдіктер саны көп. Олар осы облыстың әр территорияларында түрліше таралған. Соның ішінде басым көпшілігі далалы жермен таулы аймақтарда. Олар өсу орындарына, биологиялық ерекшелігіне қарай жойылу жолдары әртүрлі болып келеді.



- **Алое**  
Жас жапырақтарынан алынған шырыны мен спирт іріңді жараны, күйікті, терінің қабыну ауруларын емдейді. Алоенің шырыны созылмалы іш қату ауруына да қолданылады. Алоеден дайындалған биостимулятор препараты ауру организмнің қорғану функцияларын күшейтеді. Кептірілген сығындысынан алынған спиртті тұндырмасы немесе құрғақ экстракты іш жүргізетін дәрі ретінде қолданылады. Сондай-ақ асқазанның тамақ сіңіру жұмысын жақсартады және тәбет көтереді.



- **Жалбызтікен**  
Дәрілік жалбызтікен — жабайы өсімдік.  
Тамырынан жасалатын тұнбасы және шырыны, сығындысы тыныс жолдарының ауруларын, трахея, бронхитті емдеуге, қабынуға қарсы және қақырық түсіретін дәрі ретінде қолданылады, сондай-ақ іш бұзылуын, гастритті және энтеро-колитті емдеуге пайдалы.

# Лалагүл



Өсімдіктің гүлдеу мерізімі - маусым-шілде, ал жеміс беруі - шілде-тамыз айларына сәйкес келеді. Халық медицинасында пиязшықтың қайнатпасын жүйке және бауыр ауруларына, ал шикі күйінде - ревматизм мен түрлі жараларға қолданылады. Бұл өсімдіктен сонымен қатар маталарды бояйтын қара бояу алынады.

## Алтын тамыр



Жер асты бөлігінің жағымды иісі бар, қызғылт - сары болып келеді. Сондықтан «алтын тамыр» немесе «қызғылт тамыр» деп атайды. Мамыр - маусым айларында гүлдеп, шілде - тамызда жеміс береді.

Тамырынан дайындалған препараттар ми және жүрек қызметін қалпына келтіру мен жұмысқа деген қабілетін арттыру үшін қан аздықты, ісікті, қант диабетін емдеу үшін пайдаланылады.

# Жалбыз (Шалфей лекарственный)



Ерінгүлділер тұқымдас, бұта тәрізді сұрғылт-жасыл түсті өсімдік. Сабағы төрт қырлы, жапырақтары мен бұтақтары көп. Сопакша жапырақтарының ұзындығы 10 см-ге жуық. Гүлдері көк, күлгін түсті, аздаған ақ және алқызыл гүлдері де болуы мүмкін. Екі ерінді төмен қарай өсетін гүл қауашақтары бар. Жемісі шар тәріздес төрт жаңғақ. Биіктігі 20-25 см. Маусым, шілде айларында гүлдейді.

## Химиялық құрамы

Жапырақтарының құрамында эфир майы, илік заттар, алкалоидтар мен қышқылдар бар.

## Емдік қасиеті

Емге жапырақтары пайдаланылады. Тұнбасын тер басуға, ауыз уылғанда, қызыл иек қабынып, одан кан кеткенде, тіс ауырғанда, баспада қолданады. Жоғары тыныс жолының қабынуында, ауызды, тамақты шаю және ванна жасау арқылы тері сырқатына да қолдануға болады.



- Батыс Қазақстан облысының флорасында 106 тұқымдасқа жатқызылатын гүлді өсімдіктердің 1300-ге жуық түрі, олардың ішінде күрделі гүлді, атбас бұршақты, астық тұқымдас, көкпек, зиягүл түрлері бар. Өсімдіктердің эндемиктік түрлері: Талиев гүлкекіресі, қатты жапырақты келерия, майысқақ боз, Еділ майқарағайы және т.б. Облыстың өсімдік жамылғысында үш белдем элементі кездеседі. Солтүстіктен нағыз дала белдемі өтеді, орталықтың едәуір бөлігі шөл дала немесе шөлейіт белдемге енеді, ал оңтүстік аудандар шөлдің солтүстік шегіне ұласады. Жалпы өсімдік жамылғысында бір кездері далалық сипаттың басым болғаны байқалады, бірақ оны пайдалану құбылысы етек жаюда. Негізінен нағыз дала зонасы облыстың солтүстік бөлігін алып жатыр және бұл өңір боз әрі бетегелі дала болып табылады.

# Адыраспан (Гармала обыкновенная)



Түйетабандар тұқымдас, тарамдалған бұтағы мол, көп жылдық шөптесін өсімдік. Жапырақтары кезектесіп орналасып, бозғылт-сары гүлдері жеке-жеке өседі. Жемісі қоңыр түсті, ірі ұрығы бар, диаметрі 1 см-дей шар тәрізді қауашақ. Биіктігі 30-60 см. Мамыр, маусым айларында гүлдейді. Сортаң далаларда, елді мекендерге таяу алқаптарда, құрғақ, тасты беттерде өседі.

## Химиялық құрамы

Улы гармин және гармалин алкалоиды, ал гүлі мен бұтағында пиганин алкалоиды болады. Бұл улы өсімдік болғандықтан емге пайдаланғанда сақ болу керек.

## Емдік қасиеті

Емге бұтақтары, жапырақтары мен гүлдері пайдаланылады. Халық медицинасында адыраспан ревматизм, қышыма және басқа да тері аурулары кезінде булау жасау арқылы қолданылады. Ал шөбінен жасалған қайнатпа суық тигенде, безгек ауруына, жүйке жүйесінің әлсіреуіне және ұстама ауруларына ем болып табылады. Оның жер үсті мүшелерін кептіріп, жағып, түтінімен бас ауруын емдеп, жұқпалы сырқаты бар адам жатқан бөлмені ыстап залалсыздандырады.

- **Ащы жусан** (*Artemisia absinthium*) – күрделігүлділер тұқымдасы, жусан туысына жататын көп жылдық өсімдік. Маңғыстаудың жайылымдар мен шалғындарда, бұйратты құмдарда, ормандар мен таулы жерлерде өседі. Биіктігі 60 – 100 см, кейде 120 см-ге жетеді. Тамыры жуан. Гүлдері ұсақ, шоғырлана өседі. Шілде – маусымда гүлдеп, жемістенеді. Ащы жусанның дәрілік өсімдік, медицинада пайдаланылады



**Сүттіген** (*ағылш.* Euphorbia) – сүттіген тұқымдасына жататын бір не көп жылдық өсімдіктер мен шала бұталар.

Биіктігі 15 – 20 см, тамыры тармақталып, сабағы тік өседі. Қандауыр тәрізді жапырағы бүтін жиекті. Гүлдері дара жынысты, жасылдау сарғыш түсті. Маусым – тамыз айларында гүлдеп, шілде – қыркүйекте жеміс береді. Жемісі – үш ұялы қауашақ. Сүттігеннің көпшілік түрінің сабағы сүтті, шырынды болады, кейбіреуінің ұрығында іш өткізетін май бар. Өте улы өсімдік. Көкшіл сүттіген (*E. helioscopia*) – дәрілік өсімдік. Халық медицинасында сүттігенді іш өткізетін, несеп жүргізетін және ішек құртын түсіретін, сондай-ақ қатерлі ісіктерді емдейтін дәрі ретінде қолданады.

## СҮТТІГЕН



1. Тамыры қысқа, тарамданған
2. Жапырақтары қалың, етті
3. Жапырағында ылғалдың мол қоры жиналады
4. Түнгі салқында топырақтың бетінде пайда болатын шықтан және сирек те болса жауған жаңбырдан ылғал сіңіріп алады

## Қорытынды

- Қазақстан флорасы **пайдалы өсімдіктерге**, оның ішінде ерекше маңызды болып саналатын дәрілік **өсімдіктерге** өте бай. Бұлардан жасалатын препараттардың тиімділікке айналғаны белгілі. Соның нәтижесінде бұл күнде фитотерапия айтарлықтай дамып отыр. Соңғы кезде кейбір дәрілік **өсімдіктер** ысыраппен пайдаланудың нәтижесінде жойылудың шегінде немесе мүлдем жойылған. Осыған байланысты біз тек дәрілік **өсімдіктерді** пайдаланып қана қоймай, оларды қорғауды да насихаттауымыз керек.